

«Шардара аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК-н  
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау  
мәселелері бойынша І-тоқсанда өткізілген кезектен тыс жиналысының  
**Х А Т Т А М А С Ы**

№1

Шардара қаласы

«12» наурыз 2024 жыл

**Жиналыс төрағасы:** Басшы М. Сейтханов

*Хатшылықта: Заңгер М.Сулейменов*

**Қатысқандар:** Шардара аудандық орталық ауруханасы басшысының орынбасарлары, бөлім меңгерушілері мен ауылдық амбулаториялардың аға дәрігерлері.

**Күн тәртібінде:**

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңын кеңінен талқылау;  
*(2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ);*
2. Сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттер үшін қылмыстық жауаптылық;  
*(2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі);*
3. Сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттер үшін Әкімшілік жауаптылық;  
*(2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі);*

Жиналыста келесі мәселелер айтылды, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүргізілуі тиіс. Кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы қабылданғаннан бері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер дәйектілікпен жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы шаралар мен көкейтесті мәселелерді шешуде заңдылықты жетілдіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Жалпы алғанда, қабылданған кешенді шаралар нәтижесінде сыбайлас жемқорлық көрністерінің азаюы байқалады. Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі-парақорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Яғни пара беру де, пара алуда пайдалы болмайтындай, үлкен қылмыс ретінде саналатындай жағдай, қоғамдық сана қалыптасуы қажет. Біздің ортада сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ, қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болатындығын және сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білуі керек екендігі жөнінде түсіндірілді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінде лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану, билікті немесе өкілеттіктерді асыра пайдалану, лауазымды адамның өкілеттіктерін иемденіп алу, кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу, заңды кәсіпкерлік қызметпен айналысуға кедергілер жасау, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, қызметтегі әрекетсіздік, салғырттық әрекеттер үшін қылмыстық жауапқа тарту көзделген.

Сонымен қатар, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне сәйкес, жеке тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаның не оған теңестірілген тұлғаның заңсыз материалдық сыйақы алуы, заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы және заңсыз кірістер алуы, мемлекеттік органдар басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қабылдамауы, бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау сияқты сыбайлас жемқорлық фактілеріне жол берген тұлғаларға әкімшілік жауапқа тарту көзделгендігі ескертілді.

Сондай-ақ, біздің мемлекетіміз, басқа да көптеген мемлекеттер сияқты, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында қарқынды жұмыс жүргізуде. Қазіргі уақытта, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ міндеттемелік шарттарын белгілеп, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы сыбайлас жемқорлық қарсы күрес туралы заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, мемлекеттік функцияларды орындайтын мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар және оларға теңестірілген тұлғалардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталғандығын айтып түсіндірді.

Жиынға қатысушылар айтылған ескертпелерді толығымен қолдайтындығын және берілген тапсырмаға сәйкес жұмыс жасайтындықтарын жеткізді.

**Жиналыс төрағасы**



**М.Сейтханов**

*Хатшы: М. Сулейменов*